

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталғандарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 659 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 қарашада № 2890 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 75 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 03.02.2015 № 75 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес Түлкібас ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталғандарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері елді мекендер аумақтарын көріктендіру және тазалау болып белгіленсін.

2. «Түлкібас ауданы әкімдігінің коммуналдық шаруашылығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі: қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жазаны өтеу мекемесі болып табылсын.

3. Ауыл округ, поселке әкімдері Түлкібас аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін тоқсан сайын сотқа ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ө. М а т к е р и м о в к е** жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ.Абдуалиев